

"Атырау облысы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мәселелері туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 5 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қаңтарда № 3096 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 130 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 30.05.2017 № 130 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 42-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37-баптарына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 1397 қаулысына және "Атырау облысының басқару схемасын бекіту туралы" Атырау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 345-V шешіміне сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Атырау облысы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) құрылсын.
2. Қоса берілген Басқарма туралы Ереже бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ф.И. Дүйсембаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 5 қаулысына қосымша
Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 5 қаулысымен бекітілген

"Атырау облысы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Басқарма Атырау облысының аумағында жердің пайдаланылуы мен қорғалуына бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма, егер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штаттық санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 060005, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 96 "Б".

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Атырау облысы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы: Атырау облысының аумағында қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан негіzsіз алғы қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды.

15. Басқарманың міндеттері мемлекеттік органдардың, жеке, заңды тұлғалардың және лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасы жер заңдарының сақталуын, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуын анықтауды және жоюды, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді, жер участекерін пайдалану ережелерінің сақталуын, жер кадастры мен жерге орналастыру ісінің дұрыс жүргізілуін және жерді ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуден тұрады.

16. Функциялары:

1) мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер участекерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауы;

2) жер участекерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеу;

3) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарының сақталуы;

4) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуі;

5) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өздерінде жердің бар-жоғы, олардың жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға уақтылы беруі;

6) жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғын жай және өндірістік объектілердің жобалануына, орналастырылуы мен салынуы;

7) жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясының, тұздану, батпақтану, су басу, шөлейттену, құрғақтану, тығыздалу, қоқыстану, ластану және жердің тозуын туғызатын басқа да процестердің салдарын болғызыбау мен жою жөніндегі іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуы;

8) азаматтардың өздеріне жер участекелерін беру туралы өтініштерін (өтінішхаттарын) қарастырып белгіленген мерзімдерінің сақталуы;

9) межелік белгілердің сақталуы;

10) жергілікті атқарушы органдар уақытша жер пайдалануға берген жердің уақтылы қайтарылуы;

11) бүлінген жердің қалпына келтірілуі;

12) жердің бүлінуіне байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатының сыйдырып алынуы, сақталуы және пайдаланылуы;

13) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі жерге орналастыру жобаларының және басқа да жобалардың жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) кінәлілерді жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының жер зандарының бұзылуы туралы материалдарды тиісті органдарға жіберуге;

2) Қазақстан Республикасы жер зандарының бұзылуы туралы хаттамалар (актілер) жасауға;

3) Қазақстан Республикасының жер зандарын бұзғаны үшін әкімшілік жазалау туралы қаулылар шығаруға;

4) Қазақстан Республикасының жер заннамасын бұзу салдарынан келтірілген шығынды өтеу туралы, өз мақсатында пайдаланылмай не Қазақстан Республикасының заннамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер участекелерін мәжбүрлеп алып қою туралы, жер участекелерін беруге, мемлекет мүқтажы үшін алып қоюға, мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты құқыққа сыйымсыз шешімдердің күшін жою туралы, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының анықталған Қазақстан Республикасы жер заннамасын бұзушылықтарды жою жөнінде берген нұсқамаларын осы нұсқама берілген тұлғалар нұсқамада көрсетілген мерзімде орындаған не тиісінше орындаған жағдайда оларды орындау туралы және жеке, лауазымды және занды тұлғалардан айыппұл өндіріп алу туралы істер бойынша сотқа талап-арыз дайындауға және беруге;

5) ұйымдарға кедергісіз кіруге, меншіктегі және пайдаланудағы жер участекелерін тексеруге, ал әскери, қорғаныс және басқа да арнаулы объектілер

алып жатқан жер участеклерін - оларға кірудің белгіленген режимін ескере отырып, тексеруге;

6) жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жерді қорғау, Қазақстан Республикасы жер зандарының бұзылуын жою мәселелері бойынша орындалуға міндettі нұсқамалар беруге;

7) өнеркәсіптік, азаматтық және басқа да құрылыштар, пайдалы қазба кен орындарын игеру, объектілерді пайдалану, агротехникалық, орман мелиорациялық, геологиялық-барлау, іздестіру, геодезиялық және өзге де жұмыстар, егер олар Қазақстан Республикасының жер зандарын, ерекше қорғалатын аумақтар жерін пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылса және топырақтың құнарлы қабатының жойылуына, ластануына, залалдануына немесе бүлінуіне, эрозияның қүшесінде, тұздануға, батпақтануға және шектес аумақтарды қоса алғанда, топырақ құнарлылығын төмендететін басқа да процестерге әкеп соғуы мүмкін болса, сондай-ақ егер бұл жұмыстар экологиялық сараптамадан өтпеген не теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүзеге асырылса, оларды тоқтата тұруға;

8) мемлекеттік органдардан жер қорының жай-күйі туралы статистикалық ақпаратты алуға;

9) жерге құқықты белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда тұрғын жай және өндірістік объектілердің салынуын тоқтата тұруға;

10) Қазақстан Республикасының жер зандарын бұзушыларға уақтылы шаралар қолдануға;

11) жүргізілетін тексерулердің материалдарын объективті түрде дайындауға;

12) жеке және занды тұлғалардың заңмен қорғалатын мүддесі мен құқығын, Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтауға;

13) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес өзге де құқықтар мен міндettемелерді жүзеге асыруға міндettі.

3. Басқарманың қызметін үйімдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндettердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз өкілеттіктерін іске асыру процесінде облыс әкімі мен облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда және өзге үйымдарда Басқарманы білдіреді;

3) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жатқызылған Басқарманың қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) заңнамамен белгіленген тәртіппен еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жатқызылған Басқарма қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) шарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) өз өкілеттігін үйымдастыру және ішкі тәртіп мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

10) сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстары үшін дербес жауапты болады;

11) Басқарманың жұмысын үйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

12) облыс әкімі мен әкімдігінің тапсырмалары мен актілерін орындауды;

13) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

14) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді үйымдастырады;

15) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

16) гендерлік тендік саясатын іске асырады;

17) азаматтар мен заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен, облыс әкімдігімен, облыс әкімі, оның орынбасарлары және облыс әкімінің аппаратымен жүктелген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Басқарманың мұлқі

23. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлқі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.
25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

26. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.